

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Сарытерек ауылдық округінің Сарытерек ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №11 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 тамызда № 6122 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 22 мамырдағы № 153 ұсынысы негізінде Сарытерек ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ұсақ малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округіне Сарытерек ауылына шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 11 "Сарытерек ауылдық округіне қарасты Сарытерек ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2018 жылдың 12 желтоқсанда № 5-11-181 болып тіркелген, 2018 жылғы 15 желтоқсанда "Достық" газетінде жарияланған және 2018 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарытерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарытерек ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Г. Агыбаева*